

ҚРҰБ Төрағасының ҚР Үкіметінің отырысындағы
«Әлеуметтік-экономикалық даму және
2020 жылғы қаңтар-шілдедегі республикалық бюджетті
орындау қорытындылары туралы» баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 11 тамыз

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Коронавирус пандемиясының салдары дамыған және дамушы елдер экономикасының рекордтық төмендеуіне алып келді. Ағымдағы жылғы екінші тоқсанда АҚШ-тың ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ) өткен тоқсанға карағанда **9,5%-ке**, Еуроодақта - **14,4%-ке**, оның ішінде Испанияда - **18,5%-ке**, Германияда - **10,1%-ке** төмендеді, бұл екі ел үшін тоқсандық есептеулер тарихындағы **ең төменгі мән** болып табылады.

Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша, әлемдік экономика Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі **ең терең құлдырауға** тап болды, ол ағымдағы жылдың соңына қарай **5,2%-ке** төмендеуі мүмкін.

Соған қарамастан, әлемнің ірі экономикалары бизнес пен халықты қолдауға арналған ауқымды мемлекеттік шығындар есебінен әлемдік экономиканың құлдыраудан өтуі мен жандана бастауы туралы мәлімдеуде. Қытай, Еуроодақ (ЕО) елдері және АҚШ-тың өнеркәсіптегі іскерлік белсенділік көсеткіштері айтарлықтай жақсарғаны тіркелді. Global Manufacturing PMI индексі 2020 жылғы қаңтардан бастап алғаш рет оң аймаққа өтіп, **50,3** тармаққа жетті (2020 жылғы маусымда – **47,9**).

Экономикалардың біртіндеп қалпына келуі және энергия ресурстарын тұтынудың өсуі аясында ағымдағы жылғы шілдеде мұнай бағасы бір баррель үшін **41,2** АҚШ долларынан **43,3** АҚШ долларына дейін **5,2%-ке** өсті.

Бұл ретте әлемдік экономиканың қалпына келуіне қарамастан, әлемде коронавирустың екінші толқынының қаупі сақталуда. Ағымдағы жылғы шілдеде коронавирус таралуының өсуіне байланысты сыртқы нарықтарда белгісіздік өсті. Бұл инвесторлардың экономикалық

перспективаларға қатысты алаңдаушылығын арттырды және алтын сияқты қорғаныс активтері құнының өсуіне, сондай-ақ дамушы елдер валюталарының әлсіреуіне алып келді.

Қазақстанда **іскерлік белсенділік индексі** ағымдағы жылғы маусымда **46,8** тармаққа дейін қалпына келгеннен кейін енгізілген карантиндік шектеулер аясында ағымдағы жылғы шілдеде **44,7** тармаққа дейін төмендеді, бұл **қызмет көрсету саласындағы** белсенділіктің **43,1-ге** дейін **3,2 пайыздық тармаққа** қысқаруына байланысты.

Жедел деректер бойынша, 2020 жылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ) Ұлттық Банктің болжамына сәйкес **-1,5%**-пен салыстырғанда жылдық мәнде **1,8%**-ке қысқарды, бұл қызмет көрсету секторындағы, атап айтқанда сауда мен көлік секторындағы терең құлдырауға байланысты болды. Осыған орай, инфляциялық күтулердің тұрақтануын ескере отырып, Ұлттық Банк ағымдағы жылғы 20 шілдеде Қазақстан экономикасының өсуін қалпына келтіруді қолдау үшін пайыздық дәлізді **+/- 1,5 пайыздық тармаққа** дейін тарылта отырып, **базалық ставканы 9,0%**-ке дейін төмендетті.

Жылдық инфляция ағымдағы жылғы шілдеде **7,1%-ті** құрап, Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес қалыптасады. **Азық-түлік тауарлары бағасының** жылдық өсуі **11,3%** болды және инфляцияға негізгі үлесті қосуын жалғастыруда. Нан-тоқаш өнімдері мен жармаларда (**13,8%**), жеміс-көкөніс өнімдерінде (**13,4%**) өсудің барынша жоғары қарқыны сақталуда, бұл ретте ет және ет өнімдері бағасының өсу қарқыны біршама баяулады (**12,9%**).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық өсуі жанар-жағар май (ЖЖМ) бағасының төмендеуі (бензин – шілдеде **0,2%-ке**) аясында **5,4%** деңгейінде сақталды. Төтенше жағдай кезінде

коммуналдық қызмет тарифтерін уақытша төмендету әсерінің біртіндеп жойылуы аясында **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының жылдық өсуі

3,0%-тен шілдеде **3,2%-ке** дейін артты. Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері ағымдағы жылғы шілдеде **0,9%-ке** өсті.

Келесі айларда жылдық инфляцияның 2020 жылдың соңына дейін **8-8,5%** болжамды траекториясы шеңберінде бұдан әрі жылдамдай түсуі күтіледі.

Ұлттық Банк жұмысының басым бағыттарының бірі **артық өтімділікті экономикадағы қажеттілікке қайта бағыттау** болып табылады. Ол үшін өткен жылдан бастап Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп ұзақ мерзімді қағаздар шығарылым санын қысқарту кезінде мемлекеттік бағалы қағаздардың (МБҚ) орта мерзімді сегменттегі ұсынысын ұлғайту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Үйлестірілген жұмыс нәтижесінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарынан Қаржыминінің мемлекеттік қағаздарына **өтімділікті қайта теңдестіру** жұмысы жүргізілуде. Ағымдағы жылғы мамырдан бастап Қаржымині **3 жылға** дейінгі мерзімі бар қысқа мерзімді МБҚ шығара бастады. Өз кезегінде, Ұлттық Банк ағымдағы жылғы шілдеден бастап 1 жылдық мерзімі бар ноттар шығарылымын тоқтатты, бұл Қаржыминінің тиісті МБҚ сатып алуға инвесторлардың мүддесін ынталандырады.

Нәтижесінде ағымдағы жылғы шілдеде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының көлемі **2,8 трлн** теңгеге дейін (ағымдағы жылғы маусымның соңында - **3,3 трлн** теңге) **13,5%-ке** төмендеді. Ағымдағы жылғы 21 ақпандағы ең жоғары мәнмен

(**4,2 трлн** теңге) салыстырғанда төмендеу **31,6%-ті**, жыл басынан бастап – **16,9%-ті** құрады.

Бір мезгілде Қаржымині облигацияларының шығарылымы көлемінің ұлғаюы орын алды. Қаржыминінің МБҚ көлемі ағымдағы жылдың басынан бастап **8,2 трлн** теңгеден **9,8 трлн** теңгеге дейін **19,9%-ке** ұлғайды.

Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша Қаржы министрлігі **1** жылдан **3** жылға дейінгі барынша талап етілетін өтеу мерзімі бар МБҚ шығарылымы жоспарын **1 трлн** теңге сомасына жаңартты.

Кейіннен кірістілік қисығын қалыптастырып, қазақстандық МБҚ-ны дамушы елдердің халықаралық индекстеріне енгізе отырып, МБҚ нарығын одан әрі дамыту инвесторларды тартуға, қаржы нарығын дамытуға және бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерін әртараптандыра отырып, экономиканы тұрақтандыруға жәрдемдесетін болады.

Инвесторлардың коронавирустың екінші толқынынан алаңдаушылығының өсуіне байланысты **дамушы елдер валюталарының жалпы әлсіреу** үрдісі сақталуда.

Мысалы, ағымдағы жылғы маусымның соңынан 10 тамыз аралығындағы кезеңде түрік лирасы **6,9%-ке**, Индонезия рупиясы – **3%-ке**, Аргентина песосы – **3,3%-ке** арзандады. Жалпы үрдіс аясында Ресей рублі де **3,6%-ке** әлсіреді, бұған бюджеттік ереже шеңберінде Ресей Федерациясы Орталық Банкінің валютасын сатудың төмендеуі, негізгі ставка төмендегеннен кейін инвесторлардың федералдық қарыз облигацияларынан шығуы, сондай-ақ инвесторлар алған Ресей компаниялары дивидендтерінің валютасына конвертациялау ықпал етті.

Дамушы елдер валюталарының әлсіреуі аясында **теңгенің айырбастау бағамы** ағымдағы жылғы шілдеден бастап ағымдағы

жылғы 10 тамыздағы жағдай бойынша бір АҚШ доллары үшін **404,07** теңгеден **418,31** теңгеге дейін **3,5%-ке** әлсіреді.

Теңгенің әлсіреуі бір баррель үшін **40 АҚШ** долларынан жоғары деңгейде тіркелген мұнай бағасын белгілеумен тежеледі. 7 тамызда мұнай бағасы мұнай қорының төмендеуі және ОПЕК+ мәмілесінің сақталуы аясында **бір баррель үшін 44,4 доллар** деңгейінде бекіді.

Республикалық бюджетке кепілдік берілген трансфертті бөлу мақсатында **Ұлттық қор** активтерін конвертациялау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор компанияларының **экспорттық валюталық түсімінің бір бөлігін** міндетті сату жөніндегі ұзартылған шаралар ұлттық валютаға ішкі қолдау көрсетті.

***Анықтама үшін.** Ағымдағы жылдың басынан шілденің соңы аралығында республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферт бөлу мақсатында Ұлттық қордың активтері шамамен **6,3 млрд АҚШ долларына**, оның ішінде шілдеде **1,1 млрд долларға** конвертацияланды. Трансферт көлемі жыл басынан бері **3,6 трлн теңге**, оның ішінде ағымдағы жылдың шілдеде **455 млрд теңге** болды.*

*Ағымдағы жылғы шілдеде квазимемлекеттік субъектілерінің сату көлемі **195 млн АҚШ долларын**, шаралар енгізілгеннен бастап ағымдағы жылғы наурызда – **890 млн АҚШ долларын** құрады.*

Алдын ала бағалау бойынша, **төлем балансының ағымдағы шоты** ағымдағы жылғы 1 жартыжылдық үшін тікелей инвесторларға төленетін кірістердің **3,5** есе азаюы есебінен **1,2 млрд АҚШ доллары** профицитімен қалыптасты.

Сауда балансының профициті 2019 жылғы 1 жартыжылдықпен (**11,4 млрд АҚШ доллары**) салыстырғанда **9,9 млрд АҚШ долларына** дейін **12,3%-ке** төмендеді. **Тауарлар экспорты 10,7%-ке** немесе **3,1 млрд АҚШ долларына** қысқарды, бұл келісімшарттартық бағалардың төмендеуі есебінен мұнай мен газ конденсаты экспортының **8,5%-ке** немесе **1,4 млрд АҚШ долларына** төмендеуіне байланысты болды.

Тауарлар импорты инвестициялық тауарларды әкелудің **15,8%-ке** немесе **1,1 млрд АҚШ долларына** қысқаруы нәтижесінде **9,7%-ке** немесе **1,7 млрд АҚШ долларына** қысқарды.

Жалпы алғанда, ағымдағы жылғы 1 жартыжылдықта төлем балансының ағымдағы шотының профициті мұнайдың салыстырмалы түрде жоғары бағасына және жыл басында оны жеткізудің өсуіне, сондай-ақ тікелей инвесторлар кірістерінің айтарлықтай төмендеуіне байланысты болды. Жылдың екінші жартысында мұндай ықпал ету тоқтайды және біздің болжам бойынша ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша төлем балансының тапшылығына алып келеді.

Алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылғы шілденің соңында **халықаралық жалпы резервтер 3,2%-ке** ұлғайып, **93,5 млрд АҚШ долларын** құрады.

Ұлттық Банктің **алтынвалюта резервтері** ағымдағы жылғы шілдеде, ең алдымен, алтын бағасының өсуіне байланысты **35,3 млрд АҚШ долларына** дейін **7,3%-ке** немесе **2,4 млрд АҚШ долларынан** ұлғайды.

Ұлттық қордың активтері ағымдағы жылғы шілдеде **1,6 млрд АҚШ доллары** сомасында алған инвестициялық кіріс есебінен бір айда **0,5 млрд АҚШ долларына (+0,9%)** ұлғайып, **58,2 млрд АҚШ долларын** құрады, бұл ретте кепілді трансферт бөлу мақсатында Ұлттық қордың активтерін **1,1 млрд АҚШ долларына** конвертациялау жүзеге асырылды.

Ағымдағы жылғы маусымның соңында **банк жүйесіндегі депозиттер** теңгедегі салымдардың өсуі есебінен жыл басынан бері **4,4%-ке** немесе **846 млрд** теңгеге ұлғайып, **19,9 трлн** теңге болды.

Ұлттық валютадағы салымдар 11,9 трлн теңгеге дейін **10,2%-ға** (немесе **1 104 млрд** теңгеге) өсті. **Валюталық салымдар** ағымдағы

жылғы маусымның соңында **3,1%-ке** (немесе **258 млрд** теңгеге) азайып, **7,9 трлн** теңге болды.

Нәтижесінде депозиттердің **долларлану деңгейі** ағымдағы жылғы маусымда **40,0%-ке** дейін төмендеді (2019 жылғы желтоқсанда **43,1%**).

Жыл басынан бері экономикаға берілетін кредиттер **ұзақ мерзімді кредиттердің 11,9 трлн** теңгеге дейін **0,4%-ке** немесе **52,4 млрд** теңгеге өсуі нәтижесінде ағымдағы жылғы маусымның соңында **13,9 трлн** теңгеге дейін **0,4%-ке** (немесе **62,2 млрд** теңгеге) ұлғайды.

Қысқа мерзімді кредиттер 2,1 трлн теңгеге дейін **9,8 млрд** теңгеге немесе **0,5%-ке** шамалы өсті. Бұл ретте, іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі аясында экономиканы кредиттеудің өсу қарқынының баяулағаны байқалады.

Заңды тұлғалардың **теңгедегі кредиттері бойынша ставка** ағымдағы жылғы мамырдағы 11,4%-тен ағымдағы жылғы маусымда **11,0%-ке** дейін, қысқа мерзімді кредиттер бойынша – **11,0%-ке (11,3%)** дейін, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша ставка **11,1%-ке (12,1%)** дейін төмендеді.

2020 жылғы шілдеде базалық ставканы төмендету кредиттер құнын азайтуға және банк жүйесінде өсіп келе жатқан кредиттік тәуекелдерді өтеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстан экономикасын қалпына келтіру процесін қолдайды.

Экономиканы қолдау шеңберінде Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 7 тамыздағы жағдай бойынша банктер жалпы сомасы **454,3 млрд теңгеге 618 өтінімді** мақұлдап, **266,6 млрд** теңге сомасына **536 қарыз** берді.

2. Төтенше жағдайдың енгізілуінен зардап шеккен шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу

бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы
6 тамызға кәсіпкерлер **535,9 млрд** теңге сомасына
2 207 өтінім берді, **341,4 млрд** теңгеге **1 279** өтінім берілді.

1. **«7-20-25»** бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы
6 тамызға **240,7 млрд теңгеге 20 693 өтінім** мақұлданды, оның ішінде
199,3 млрд теңге сомасына **16 868 қарыз** берілді.

2. **«Баспана Хит»** нарықтық ипотекалық бағдарлама бойынша
ағымдағы жылғы 6 тамыздағы жағдай бойынша **296,4 млрд теңге**
сомасына **34 904 өтінім мақұлданды, 235,6 млрд теңгеге 28 347** қарыз
берілді.